



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

можно только усилиями всех работников предприятия; контролировать процесс всегда эффективнее, чем результат; политика в области качества должна быть частью общей политики предприятия.

Использованные литературные источники

1. Биктимирова З. Качество жизни: продовольственная безопасность. Экономист. 2014 г.
2. Шевелева Г.И. Контроль качества продукции: Учебный комплекс. КТИПП, 2012 г.
3. Васюкова Т.А., Организация производства и управление качеством продукции в общественном питании; Издательско-торговая корпорация «Дашков и К», 2000

ӘОЖ 338.465

ҚОҒАМДЫҚ ТАМАҚТАНДЫРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ТАҒАМДАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІН ЖОҒАРЛАТУ ЖОЛЫ

Қалыс Нұржанар

Kalys.nurzhanar@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің магистранты,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Ф.Р. Ермаханова

НАССР жүйесін енгізу қоғамдық тамақтандыру мекемелеріне міндетті болу керек. Өйткені олар да азық-түлік өндірумен және оны тікелей тұтынушыға берумен ерекшеленеді. Ресурстарды үнемдеп, сапалы тағам әзірлеп және тұтыну, шығындарды азайту арқылы экономикалық әлеуетті арттыру – қоғамдық тамақтандыру мекемелерінің басты міндеттерінің бірі болып саналады. Осыған орай, қоғамдық тамақтандыру мекемелері сапалы, қауіпсіз тамақ өнімдерін әзірлеу арқылы тұтынушыларға жоғары деңгейде қызмет көрсетуі керек.



1 сурет – ҚТМ-де тамақтан уланудан қайтыс болғандар саны

Мемлекеттегі қоғамдық тамақтанудың дамуы төмендегі факторларға тікелей тәуелді болып табылады:


- ел экономикасының даму деңгейі;
- халық табысының көрсеткіштері;
- халықтың материалдық игіліктер мен қызметтерді жұмсау және тұтыну көрсеткіштері;
- халық табысының көрсеткіштері, кедейшілік деңгейі мен шекараларының болуы;
- халықтың қордағы мүлікпен қамтамасыз етілу деңгейі мен оның маңызды әлеуметтік-

экономикалық мәселелерді шешуге қабілеті;

- халықтың өмір сүру деңгейі;
- ел халқының әлеуметтік-демографиялық сипаттамалары.

Осы факторларға талдау жасай отыра Қазақстан Республикасындағы тамақтандыру қызметтерінің даму деңгейінің қандай екендігіне көз жеткізе аламыз. Елімізде қоғамдық тамақтандыру мекемелерінің дамуы әлемнің дамыған елдеріне қарағанда әлі де артта қалуда.

Соңғы кездегі статистикаларға сүйенсек, халықтың тамақтан улану жағдайлары біртіндеп ұлғайған (сурет 1). Бұндай жағдайлардың көбі жұмысшылар мен құрылыс аландарындағы асханалардың, жаппай шаралар өткізу үшін жалға алынған мейрамханалар мен дәмханалардың, балалардың ұйымдастырылған тамақтандыру қызметтерімен байланысты орындарында орын алып отыр. Бұндай жағдайлардың туылу себебі – белгіленген санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды сақтамау, сондай-ақ тұтынушылардың құқықтарын қорғау бойынша органдардан келісім алмаған объектілердің қызметі. Осындай себептерге байланысты тұтынушылардың қоғамдық тамақтандыру мекемелерінің қызметіне деген сенімділігі төмендей бастады. Осы жағдайды анықтау мақсатымен біз әр сала бойынша қоғамдық тамақтандыру мекемелерінің тұтынушыларынан сауалнама алып көрдік. Сауалнама қорытындысы бойынша тұтынушылардың қоғамдық тамақтандыру мекемелерінің көңілі толмайтын тұстарын анықтадық. «Қоғамдық тамақтандыру мекемелерінің қандай жағдайына көңіліңіз толмайды?» деген сұрақ бойынша тұтынушылар көзқарасын анықтадық. Анықталған мәселелердің ең бастыларын анықтап, ең алдымен шешуге тиісті мәселелерді білу үшін Парето диаграммасын саламыз (сурет 2).



2 сурет – Наразылық тудырған мәселелердің ең бастыларын Парето диаграммасымен анықтау

Салынған Парето диаграммасы бойынша, тұтынушылардың басты наразылығын тудырған басты мәселелерді 80%/20% ережесі арқылы анықтадық. Диаграмма бойынша ең алдымен шешу керек:

- қызмет көрсету сапасын жоғарлату керек;
- санитарлық жағдайды қолға алу керек;
- ас мәзірінде балалар тағамының болуына көңіл бөлу керек;
- тапсырыстардың орындалу қарқынына назар аудару керек;
- экономикалық жаққа, яғни тағамдардың бағасын қымбаттатпау және тұрақты келушілерге жеңілдік қарастыру керек;
- тағам сапасына көңіл бөлу керек.

Адамның дамуы мен лайықты өмірін қалыптастыру мақсатымен нарықтық экономикаға әлеуметтік бағытталу, тиімді жағдай жасауға бағдарлану барлық жағынан жалпы қызмет көрсету сферасында, оның ішінде, тамақтану кәсіпорындарында сапалық тұрғысынан өзгерістің қажеттілігін көрсетеді.

Елімізде болатын ЕХРО көрмесіне орай келуді жоспарлаған қонақтарға арналып өте көп қоғамдық тамақтандыру мекемелері жұмыс жасайды, оларға өте жоғары деңгейде қызмет көрсету керек, ол ең алдымен олар тұтынатын тағам өнімдері саласы және сапасы қауіпсіз болуына байланысты. Сондықтан еліміздің басты байлығы – халықтың өмірі мен мүддесін қорғау, ресурстарды үнемдеп, бәсекелестікті арттыру үшін қоғамдық тамақтандыру мекемелері өнімдерінің сапа және қауіпсіздік жағдайын баса талдау және назарда ұстау керек. Бұл аталған жағдайларды оңтайлы шешу әдісі – НАССР жүйесін енгізу.

Қоғамдық тамақтандыру мекемелеріне НАССР жүйесін енгізудің пайдасы:

- тағам өнімдерінің қауіпсіздігін жүйелі қамтамасыз ету;
- басқару үрдістерін оңтайландыру, мамандардың, қызметкерлердің өкілеттігін, жауапкершілігі мен өзара әрекеттерін нақты айқындау;
- жарамсыз өнімді бір жақтылы ету үшін түзетуші әрекеттер емес, алдын-ала ескертуші әрекеттерді қолдану;
- қауіпті үрдістерді қателіксіз анықтап, негізгі ресурстар мен кәсіпорынның күші мен назарын соған шоғырландыру;
- жарасыздықтың алдын алу арқылы қаржылық шығындарды азайту.

Осындай артықшылықтарының бар болуымен қоғамдық тамақтандыру мекемелеріне НАССР жүйесін енгізу арқылы зор табыстарға жетуге болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. ҚР СТ 1179-2003 «НАССР принциптері негізінде тағам өнімдерінің сапасын басқару. Жалпы талаптар»
2. ҚР СТ ИСО 22000-2006 «Тағам өнімдерінің қауіпсіздігінің менеджменті жүйесі. Тағам өнімдерін өндіру мен тұтыну тізбегіндегі барлық ұйымдарға талаптар»
3. Захан С. Азық түлік қауіпсіздігі-заман талабы (текст)/С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Ғылым жаршысы. – 2009 ж.
4. Гаппарова А.М. Организационно-экономические основы управления развитием предприятий сферы общественного питания.